

Банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар орталығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 маусым N 691. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Ұлттық Банкінің, Кеден комитетінің бөлімшелеріне қызмет көрсету және төлем жүйелерін жақсарту үшін банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар жүйесін құруды жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен мемлекеттік Бюджеттік банкінің қолданылып жүрген заңға сәйкес "БанкНет" Банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар орталығы жабық үлгідегі акционерлік қоғамын құруы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі байланыс каналдарын "БанкНет" Банкаралық және қаржылық телекоммуникациялар орталығы" акционерлік қоғамына республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін көзделген шарттар бойынша жалға берсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі